

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

*Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*

1. «... Қолыңа болдым сүйесін,  
Қолтығыңа болдым демесін» – деген жолдардағы Жиёмбет жырау бейнесі  
А) бауыр  
В) жолдас  
С) көмекші  
D) басшы
2. Д.Исабековтің «Әпке» драмасында суреттелген отбасылық мәселе  
А) Әпкелерінің жұмысқа шығуына бауырларының қарсылығы  
В) Әпкесінің Темірбекті Камилаға мәжбүрлеп үйлендіруі  
С) Әпкелерінің тұрмыс құруына бауырларының қарсылық білдіруі  
D) Нәзиланың оқуын тастап кетіп, жұмысқа шығуы
3. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы Өгдүлмүш бейнесіне сәйкес мақал-мәтел  
А) Еңбек пен бақыт – егіз.  
В) Шындықтың шырағы сөнбейді.  
С) Тірліктің күші – бірлікте.  
D) Адамның тізгіні – ақыл.
4. Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романындағы автор идеясына арқау болған жайт  
А) ХІХ ғасырдың соңғы кезеңіндегі шекара бөлінісі  
В) Елдегі тарихи-әлеуметтік жағдайдың төмендеуі  
С) Тағдыр тауқыметіне түскен жандардың тағдыры  
D) Шыңжан аймағындағы қазақтар тіршілігі
5. Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаятындағы оқиғаның шиеленісуі  
А) Екі жолаушының әңгімесі  
В) Әбдірахманға жала жабылып, айдалуы  
С) Шұға мен Әбдірахманның танысуы  
D) Есімбек аулындағы алтыбақанға бару
6. «Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындап.  
Әлсіздің сөзін салғыртсып,  
Шала ұғамын қырындап.» Берілген үзіндідегі кейіпкерге тән мінездеме  
А) Қорқақтық  
В) Жалтақтық  
С) Пысықтық  
D) Екіжүзділік

7. «Абай жолы» романында Құнанбай қажылыққа аттанарда көрініс тапқан оқиға
- A) Құнанбайдың баласы Абайға үш мін тағуы.
  - B) Дәркембайдың Қодардың құнын сұрай келуі.
  - C) Кәмшаттың Бөжей үйіне аманатқа берілуі.
  - D) Абайдың әкесінің жұмсауымен Құлыншақ ауылына келуі.
8. Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесінде» суреттелген ғаламдық тақырып
- A) Жаһандану әлемі
  - B) Полигон зардабы
  - C) Жаңа технология
  - D) Ғаламтор зардабы
9. *Бұл ұзынды-қысқалы өмірде Хансұлу талайды кешірген. Бірақ...Ждақай сенің жасағаныңды кешіре алмас! Екі дүниеде кешіре алмас!*
- С. Елубайдың «Жалған дүние» романындағы Хансұлудың Ждақайға кешірім бермеу себебі
- A) Көрші ретінде жараспағандықтан
  - B) Жастық шағындағы реніші болғандықтан
  - C) Жолдасын «халық жауы» деп қудалағандықтан
  - D) Күйеу баласының өліміне себепкер болғандықтан
10. С.Сарғасқаевтың «Тәмпіш қара» повесінің идеясын ашатын нұсқа
- A) Шаншатайдың балаларды еңбекке жұмылдыруы
  - B) Шаншатайдың Ертайға айтқан өтініші
  - C) Ертайдың Шаншатайға деген өкпесі
  - D) Шаншатайдың ауылға ең алғаш келуі
11. «Қыз Жібек» жырында қараниетті мінезімен танылған кейіпкер
- A) Сансызбай
  - B) Бекежан
  - C) Базарбай
  - D) Төлеген
12. *«Келді де, алып кетті жақсыны айдап,  
Барады боздақтардың көзі жайнап»*
- Ж.Жабаевтың «Зілді бұйрық» өлеңінен берілген үзіндінің шығарма сюжетіндегі орны
- A) Оқиғаның дамуы
  - B) Оқиғаның шиеленісуі
  - C) Оқиғаның басталуы
  - D) Оқиғаның байланысы
13. Ақ патшаның әділетсіздігі көрінетін туынды
- A) М. Мөңкеұлы «Үш қиян»
  - B) Ш. Құдайбердіұлы «Жастарға»
  - C) Бұқар жырау «Тілек»
  - D) Сүйінбай мен Қатағанның айтысы

14. Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанындағы қырғыз батыры
- A) Ағыбай
  - B) Кәрібоз
  - C) Бұқарбай
  - D) Бұғыбай
15. Аңшы Мүсірептің «Иесіз жатқан жерді бір қыс қыстасаң – болды, балаңның баласына дейін сенікі болып кете береді!» деген сөзі шаншудай қадалған адам
- A) «Кенесары-Наурызбай» жыры, хан Кене
  - B) «Аласапыран» романы, Ораз-Мұхамед
  - C) «Ұлпан» романы, Есеней
  - D) Кене «Тар кезең» романы, Сырым
16. Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» мен Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» шығармаларына ортақ нұсқа
- A) психологиялық роман
  - B) комедия жанры
  - C) өлеңмен жазылған роман
  - D) символика қолданылған
17. Абайдың қоғамдық өмірдегі сөз өнерінің әлеуметтік маңызы туралы өлеңі
- A) «Сабырсыз, арсыз, еріншек»
  - B) «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»
  - C) «Лай суға май бітпес қой өткенде»
  - D) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»
18. Т.Ахтановтың «Күй аңызы» шығармасындағы рухани құндылық
- A) өнер
  - B) отбасы
  - C) білім
  - D) тарих
19. *«Сұлу жанды сұлу сүйген,  
Сұлу сүйген сырышылым.  
Жібек талдап түйін түйген,  
Түйін түйген, түршілім»*
- С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңінен берілген үзіндідегі автор стилі
- A) Риторикалық сұрақ арқылы әсерлі жеткізген.
  - B) Теңеу сөздер мен эпитеттерді молынан қолданған.
  - C) Кейіптеу, дамыту тәсілдерімен көркемдеген.
  - D) Эпитет, метафора, қайталау түрлерін пайдаланған.
20. С.Сарғасқаевтың «Тәмпіш қара» повесіндегі Шаншатай бейнесіне *сәйкес келмейтін* нұсқа
- A) ұқыпты бала
  - B) ерке тайлақ
  - C) тәмпіш қара
  - D) кішіпейіл бала

***Нұсқау:** Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.*

Қорқыныштың көзі ала деген рас-ау.

Кеше ме, әлде алдыңғы күні ме екен, жердің астынан шыққандай боп қапыда кезіккен қазақтар кезеніп келе жатқан берденкенің шүріппсін басуға мұрша бермей тым-тырақай қуғанда, өлген жерім осы шығар деп еді.

Солдаттарға бұйрық та беріп үлгерген жоқ; есінде бір қалғаны:

Сарапхананың Ташкент жақ қапталындағы жайдақ сайдың ішінен ат ойнатып шыға келген жасыл шапан, ақ қалпақтарды көргенде астындағы айғырдың жалт бергені. Тізгін сол қолда, құлыбы қайырулы мылтықты аш мықынынан оң қолында ұстап келе жатыр еді; өкініш пен қорқыныш лүпілдеп жүрегін қабат кеп сыққан ендігі бір сәтте ақжал айғырдың танауы парылдап тауға қарай салып келе жатқанын байқады.

Тықыр шым бүркенген төскейден ағаштың түбіріндей дөңбек-дөңбек тас көрді. Арыны қатты ақжал айғыр біріне болмаса, біріне соғып мұрттай ұша ма деп тіксінген Иноземцев атының басын оңға, бекініске қарай бұрғысы кеп жалғыз қолмен тізгін тартты. Сыңар езу тың айғыр алайда қалтылдаған жалғыз қолдың қимыл бұйрығына құлақ асқан жоқ. Иноземцев сонсоң қызыл дүм берденкені тастай беріп, тізгінге қос қолдап жабысты да, оқыс оңға, еңіске қарай бұра шапты. Рабат пен екі ортадағы бәкене қырқаның алқымына тырмысып қалған шағын топ қолды сонда көрді. Көрген сәт екі ұрты айқай-боқтыққа толып қалды – осы жаңа ғана құрдай жорғалаған солдаттардың, мынандай пышақ үсті қатер сәтте, тобын жазбай түріле қашқанына боқтық түгіл оқ арнауға болғандай еді. Соңдарында бірақ қуғын жоқ екен.

Ойдан өрге лекіп соққан самал ендігі сәтте ақжалдың құлағын көтерді, жасыл шапандар бірақ осы бойы қарсы алдында жарты шеңбер боп жазылып қадау-қадау қақшиып қалыпты. Алды тау, алды қазақ; бесатардың қай қойтастың түбінде қалғанын білмейді, Иноземцев сонсоң ақжал айғырды езулеп барып өрге қарай қайта салды да, аяңға түсірді. Каратель отрядты қылыш тағынып, мылтық асынып бастап жүрген апта жарымнан бері сағынған жаумен қоян-қолтық беттескені осы еді. Ол жаумен бірақ жыраға тығылып тас жастанып, эскадронға үйреткендей ат шөкелетіп атыса да, аңдыса да алған жоқ. Ақжалдың езуінен сабын көбікті бір-бір тамызып, жасыл шапандардың қолына түсті. Өлген жерім осы болардың екінші оянғаны да сол, етекке қарай ақжалды жетектеген еді.

Ташкенттегі маузер байланған көп офицердің ішінде қазақшаға жүйрігі Крейгель екеуі болатын. Бұл жақындаған сайын жарты шеңберді бүтін шеңбер ғып жазып ап, мұны қоршалап келген он шапанға алайда дым тауып айта алмады. Бұлардың сәлемқұмар жұрт екенін білуші еді, бірақ тұтқын сөз – түзсыз дәм: он аттылы ат тұмсығын тірердей боп түйіліп келгенше сәлемге құлқы шаппай-ақ қойды. Қазақ атаулыны ылғи да табанында тауып үйренген ақ

патшаның жас офицері және де погонын көргесін, шөп шапан қалайша дір етпес екен деген күшікей үмітке малданды.

*А.Сүлейменовтің «Бесатар» повесінен үзінді*

21. Крейгельге тән сипаттама
  - A) Аса сыпайы жан
  - B) Ат құлағында ойнаған
  - C) Сәлемқұмар жан
  - D) Қазақшасы жақсы
22. Мәтінде қайталанып берілетін эпитетті тіркестер
  - A) Соққан самал, құрдай жорғалаған
  - B) Тастай беріп, тың айғыр
  - C) Күшікей үміт, ат шөкелетіп
  - D) Ақжал айғыр, жасыл шапан
23. «Тұтқын сөз – тұзсыз дәм» тіркесіне қатысты нұсқа
  - A) Троп-метонимия
  - B) Фигура-шендестіру
  - C) Троп-метафора
  - D) Троп-синекдоха
24. Мәтіннің соңғы азатжолында Иноземцевтің сәлемдесуге құлқы шаппай қоюынан көрінетін мінезі
  - A) Жігерсіздігі
  - B) Сылбырлығы
  - C) Немқұрайлығы
  - D) Тәкаппарлығы
25. Мәтіннің басты кейіпкері
  - A) Қатардағы солдат
  - B) Жергілікті тұрғын
  - C) Патша офицері
  - D) Офицердің көмекшісі

*Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.*

26. Бірлігіңнен айырылма,  
Бірлікте бар қасиет,  
Татулық болар береке,  
Қылмасын жұрт келеке.  
Үзіндісіне сәйкес мақал-мәтел(-дер)
- A) Бірлік болмай, іс оңбас.
  - B) Бірлік бар жерде береке болады.
  - C) Төртеу түгел болса төбедегі келеді.
  - D) Алдына келсе атаңның құнын кеш.
  - E) Сабыр түбі – сары алтын.
  - F) Жеті жұрттың тілін біл.
27. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасына сәйкес келетін тармақ(-тар)
- A) Қалған ғашық болмай ие, моншақтаған жасына.
  - B) Қартқа қарай ақырын аяңдады, қарусызға қарт келді аянбады.
  - C) Өлімді де шіркін ғашық, Сүйгенімен бір көрді.
  - D) Бала жатыр төсекте күйіп-жанып, Баласының ана отыр күйін бағып.
  - E) Бар өмірден көңілі шайлығуда, Байғұс ана еркінен айырылуда.
  - F) Күйікті жар құлап өлді, Ақ төсінен қан ақты.
28. «Біржан – Сара айтысындағы» соңғы оқиға(-лар)
- A) Сараның Біржанды жеңуі
  - B) Тұрысбектің көмектесуі
  - C) Есімбектің бата беруі
  - D) Жиенқұлдың келуі
  - E) Сараға Біржанның араша түсуі
  - F) Сараның көмек сұрауы
29. Ш.Уәлиханов қатысқан экспедиция(-лар)
- A) Әулиеата сапары
  - B) Қашқар экспедициясы
  - C) Петербург сапары
  - D) Ыстықкөл экспедициясы
  - E) Верный экспедициясы
  - F) Құлжа сапары
30. І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасының кейіпкер(-лер)і
- A) Молықбай
  - B) Күреңбай
  - C) Батыраш
  - D) Ағыбай
  - E) Әміре
  - F) Қарашаш

31. Абай мен Құнанбай жолының бөлек кетуінің негізгі объективті себеп(-тер)і
- A) Абайдың ақындық жолға түсуі
  - B) Аналарының әңгіме арсындағы сөзі
  - C) Жаңа заман мен ескі заманның тартысы
  - D) Ел басқару ісіндегі әділетсіздіктер
  - E) Абайдың бауырларымен тіл табыса алмауы
  - F) Әкесінің тым қаталдығы
32. Т.Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесіндегі Сапабекке тән сөз(-дер)
- A) – Несі бос сөз? Менің өлейін деп отырғаным мынау...
  - B) – Бір құй, – деді кесесін нұсқап, – шөл қанатын емес.
  - C) – Анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жоқ.
  - D) – Баланы ше? Жеңісті тастап кетпейсіңдер ме?
  - E) – Геологияның болашағы деген болашақ керемет қой.
  - F) – Тағы бір қонып кетесіңдер ме? Жоқ, боласындар ма біраз?
33. Ж.Сахиевтің «Айдағы жасырынбақ» әңгімесіне қатысты негізгі ақпарат(-тар)
- A) Аспан адамдарының мәдениетін үйрену
  - B) Табиғат тазалығын сақтау
  - C) Асыл мұраны қастерлеу
  - D) Айдағы көріністі сипаттау
  - E) Айдағы табиғат өзгерістерін зерттеу
  - F) Түркі мәдениетін тануға ұмтылу
34. С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңіне қатысты нұсқа(-лар)
- A) қара өлең ұйқасы
  - B) шалыс ұйқас
  - C) махаббат лирикасы
  - D) 1926 жылы жазылған
  - E) 11-12 буынды
  - F) 7-8 буынды
35. *Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,  
Сұм өмір абақты зой саналыға.  
Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі,  
Сондықтан жаным күйіп, жанады да...* Үзіндідегі көркемдеуіш құрал(-дар)
- A) эпитет
  - B) ассонанс
  - C) метафора
  - D) аллитерация
  - E) анафора
  - F) эпифора